



Ғылыми мақала / Scientific article
XF7AP / IRSTI 02.41.41



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-151-2-139-152>

The formation of the Orenburg diocese and the spread of russian orthodox churches in Western Kazakhstan

Nurmukhamed Kenzhegulov✉^{ORCID}

Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan

✉noorken@mail.ru

Abstract. This article explores the history of the formation of the Orenburg Diocese and its influence on church life in Western Kazakhstan during the 18th-19th centuries. The study examines the role of administrative and missionary factors in the spread of Orthodoxy, as well as the impact of the Russian Empire's border policy on ecclesiastical structures. The article provides a systematic overview of the diocese's development, the reorganization of its boundaries due to administrative changes, the introduction of the vicariate system, and the establishment of church governance. Special attention is paid to the interaction between the Orthodox Church and imperial authorities – both military and civil. The missionary efforts of the diocese and measures against Old Believers are also analyzed. In the second half of the 19th century, the influx of Slavic settlers and the growth of parishes led to territorial expansion and new structural reforms. The research is based on historical sources and archival documents, ensuring empirical validity and scholarly reliability.

Keywords: Orenburg; Diocese; Bishop; Vicariate; Orthodoxy; Church, Synod

For citation:

Kenzhegulov N. The formation of the Orenburg diocese and the spread of russian orthodox churches in Western Kazakhstan// *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 151. – No. 2. – P. 139-152. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-151-2-139-152>

Сілтеме жасау үшін:

Кенжегулов Н. Оренбург епархиясының құрылуы және Батыс Қазақстан аумағындағы орыс православие шіркеулерінің таралуы// *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 151. – No. 2. – P. 139-152. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-151-2-139-152>

Оренбург епархиясының құрылуы және Батыс Қазақстан аумағындағы орыс православие шіркеулерінің таралуы Нурмухамед Кенжегулов

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

Формирование Оренбургской епархии и распространение русских православных церквей на территории Западного Казахстана Нурмухамед Кенжегулов

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

Аңдатпа. Бұл мақалада XVIII–XIX ғасырларда Орынбор епархиясының құрылу тарихы мен оның Батыс Қазақстан аумағындағы шіркеулік ықпалы қарастырылады. Зерттеуде православие дінінің таралуындағы әкімшілік және миссионерлік факторлардың рөлі сараланып, Ресей империясының шекаралық саясатының діни құрылымдарға әсері талданады. Епархияның қалыптасу үдерісі, аймақтық-әкімшілік өзгерістерге сәйкес шекараларының қайта ұйымдастырылуы, сондай-ақ викариаттық жүйенің енгізілуі мен шіркеу басқармасының құрылымы жүйелі түрде сипатталады. Сонымен қатар, православие шіркеуінің империялық басқару жүйесімен өзара байланысы, әскери және азаматтық билікпен қатынасы зерттеледі. Мақалада Орынбор епархиясының миссионерлік қызметі мен раскольниктерге қарсы әрекеттері де назарға алынған. XIX ғасырдың екінші жартысында аймақта славян халқының қоныстануы мен шіркеу приходтарының көбеюі нәтижесінде епархия аумағы кеңейіп, жаңа құрылымдық өзгерістер енгізілді. Зерттеу жұмысы тарихи дереккөздер мен архив материалдары негізінде орындалған.

Түйін сөздер: Орынбор; Епархия; Епископ; Викариат; Православие; Шіркеу; Синод

Аннотация. В статье рассматривается история становления Оренбургской епархии и её влияние на церковную жизнь в Западном Казахстане в XVIII–XIX веках. Исследование анализирует роль административных и миссионерских факторов в распространении православия, а также влияние приграничной политики Российской империи на религиозные структуры. Последовательно освещаются этапы формирования епархии, изменение её границ в связи с административно-территориальными преобразованиями, внедрение викариатской системы и организация церковного управления. Особое внимание уделяется взаимодействию православной церкви с имперскими структурами власти — военными и гражданскими. Также анализируется миссионерская деятельность епархии и меры против старообрядцев. Во второй половине XIX века приток славянского населения и рост числа приходов способствовали расширению епархиальной территории и вызвали новые структурные преобразования. Исследование основано на исторических источниках и архивных материалах, что придаёт ему эмпирическую обоснованность и научную достоверность.

Ключевые слова: Оренбург; Епархия; Епископ; Викариат; Православие; Церковь; Синод

Кіріспе

XVIII ғасырдың ортасында Қазақстанның солтүстік-батыс бөлігі Ресей империясы Орынбор губерниясының құрамына енгізілді. Бұл аумақтың империялық әкімшілікке бағынуы ресми дін саналатын православие христиан шіркеуінің таралуына қолайлы жағдай туғызды. Осылайша қазақ даласының батыс аумақтары Орынбор епархиясының қарамағына өтті.

XVIII ғасырдың ортасында Қазақстанның солтүстік-батыс өңірлері 1740 жылы құрылған, жер көлемі үлкен Орынбор губерниясының басқаруына кірді. Қазақстанның солтүстік-батыс аймағының Ресей империясының әкімшілік-аумақтық жүйесіне енуі, бұл өңірде мемлекеттік мәртебесі бар православие дінінің таралуы мен орнығуына қолайлы жағдай туғызды. Осылайша қазақ даласының батыс бөлігі Орынбор епархиясының қарамағына берілді (ГАОО).

Орынбор аймағының шіркеу басқаруы 1800 жылға дейін жеке епархия ретінде құрылмағандықтан, әртүрлі епархияларға бөлініп, Уфа аймағының бір бөлігі Қазан епархиясына, екінші бөлігі Вятка епархиясына бағынды. Орынбор облысы мен оның уездері – Орал казак аймағы Қазан епархиясына, қазіргі Атырау қаласы маңындағы Гурьев уезі – Астрахан епархиясына, ал Челябинск аймағы – Тобыл епархиясына қарады (Чернавский Н.1902: 145-148).

Бұл бөлініс шіркеу басқаруында айтарлықтай қиындықтар мен қайшылықтар тудырды. XVIII ғасырдың соңына қарай аймаққа орыс халқының жаппай қоныс аударуы нәтижесінде православ христиандарының саны артып, жаңа епархия құру қажеттілігі күн тәртібіне шықты. Алайда шіркеу мен мемлекеттік басқару шекараларының бір-біріне сәйкес келмеуі екі билік құрылымы арасында үйлесімсіздік тудырды.

1796 жылғы 12 желтоқсанда патша І Павел губерниялар мен уездерді қайта құру туралы жарлық шығарды. Соның нәтижесінде Орынбор, Уфа және басқа да аймақтар біріктіріліп, жаңа Орынбор губерниясы құрылды. Алайда әкімшілік шекаралардың қайта құрылуы епархия шекараларында да өзгерістер енгізіп, қосымша қиындықтар туғызды. 1799 жылғы 31 мамырда әрбір губерния шекарасында жеке епархия құру және олардың атауын сол губерния атауымен атау туралы патша жарлығы шықты. Осыған сәйкес, Қасиетті Синод 27 қыркүйекте Калуга, Пермь, Саратов, Слободо-Украина және Орынбор губернияларында жаңа епархиялар құру туралы ұсыныс жасады. Павел І 1799 жылғы 16 қазанда бұл ұсынысты бекітті (ПСЗРИ 1799: 813).

Жаңадан құрылған Орынбор епархиясының ерекшелігі – атауы Орынбор болса да, оның әкімшілік орталығы Уфа қаласы болып белгіленіп, епископқа «Орынбор-Уфа епископы» атағы берілді. Бұл шешім шіркеу ғимараттары мен епископ үйін салуға кететін шығындарды үнемдеу мақсатында қабылданды. Осылайша 1797 жылдан бастап Уфа қаласындағы бос қалған әкімшілік ғимараттарды пайдалану көзделді (ГАОО:5).

1799 жылғы 19 желтоқсандағы Қасиетті Синод шешімімен, бұрын Қазан және Тобыл епархияларына бағынышты болған Орынбор, Уфа, Стерлитамақ, Мензелинск, Бугурслан, Бузулук, Бугуруслан, Челябин, Троицк, Жоғары Орал уездері барлығы 205 приходпен бірге жаңа Орынбор епархиясына берілді. Бірінші епископ ретінде Амвросий (Андрей Петрович Келембет, 1745–1825) тағайындалып, 1800 жылғы 21 қаңтарда Уфаға келіп, 4 наурызда Орынбор шіркеу кеңесін ашты.

1817 жылы Орынбор епархиясының құрамына Орал казак әскерінің жерлері енгізілді. Бұл өңірде Орал қаласында үш шіркеу және басқа уездерде төрт шіркеу болған, барлығы жеті шіркеу жаңа епархияның қарамағына өтті. Алғашқы кезеңдерде Орынбор казак даласы ресми түрде епархияға жатқызылғанымен, Урал және Торғай өңірлерінде православие сеніміндегі халықтың болмауына байланысты бұл жерлердің епархия құрамына енуі формалды сипатта ғана болды (Чернавский Н.1902: 205).

Қазақстан аумағында православие дінінің таралуы мен орнығу үдерісі Ресей империясының Орталық Азияға қарай аумақтық кеңеюімен және ондағы саяси мүдделерімен тығыз байланысты болды. XIX ғасырдың ортасында қазақ даласында Ресей империясының әскери шептері мен алдыңғы қатарлы бекіністері құрылып, ол жерлерге казактар қоныстандырылды. Бастапқыда христиан қауымдастықтары мен ғибадатханалардың көбеюі гарнизондық қызмет көрсету қажеттілігімен байланысты болды. Әскери бөлімшелердің діни қызметшілері өздерімен бірге көшпелі иконостас пен шіркеу жабдықтарын алып жүріп, уақытша құлшылық орындарын ұйымдастырды. Әскери шіркеулер көбінесе шатырлардан немесе жеңіл құрылымдардан тұрғызылды, ал гарнизондық немесе полктік шіркеулер тұрақты орналасқан әскери бөлімшелердің қасында салынды (Чернавский Н.1899: 13).

XVIII ғасырдың соңында Орынбор епархиясының құрылуына себеп болған жайттар XIX ғасырдың ортасында тағы да қайталанып, Орынбор мен Уфа епархияларын өзара дербес құрылымдарға бөлу қажеттілігі туындады. Епархия аумағының тым кең болуы, көптеген уездер мен аймақтардың орталықтан шалғай орналасуы басқару жағынан қиындық тудырды. Мысалы, қазіргі Атырау (Гурьев) және Маңғыстау облыстары аумағындағы Александровск бекінісі (қазіргі Ақтау қаласының маңындағы Шевченко бекінісі) епархия орталығы Уфа қаласынан 1100 верст (шамамен 1170 км) қашықта орналасқан болатын. Қазақ даласындағы әскери шептердің құрылуымен қатар Орынбор облысына, әсіресе оған кіретін Урал және Торғай өңірлеріне ішкі Ресейден орыс шаруалары жаппай қоныс аудара бастады. Осының нәтижесінде православие тұрғындарының көбеюі мен приходтар санының артуы шіркеу басқаруына қосымша салмақ түсірді.

Бұл жағдай епархияны екіге бөлу немесе кейбір аймақтарды басқа епархияларға беру туралы мәселені туындатты. 1850 жылғы 30 наурызда Самара епархиясы құрылып, 1851 жылдың басында Орынбор епархиясына қарасты Бугурслан, Бузулук және Бугуруслан уездері жаңа құрылған епархия құрамына берілді. Дегенмен, Орынбор епархиясы құрамына Урал және Торғай өңірлері кіргізіліп, оның аумақтық ауқымы бұрынғы деңгейде сақталды.

Орынбор-Уфа епархиясының бөлінуіне себеп болған тағы бір фактор – өңірде православие сенімін ұстанбайтын инорадцы (басқа этностар), иноверцы (басқа дін өкілдері) мен старообрядшылардың (раскольниктер) көптеп тұруы болды. Сондықтан бастапқыда викарлық орталықты Орынбор қаласында немесе старообрядшылар көп шоғырланған Челябинск қаласында ашу туралы мәселе көтерілді. Бұл идея Орынбор епархиясының оңтүстік-шығыс бағытта кеңеюімен және шіркеу мен әскери-азаматтық басқару органдарының миссионерлік қызметінің артуымен байланысты болды. 1858 жылдың наурыз айында епископ Антоний бұл мәселе бойынша Қасиетті Синодқа мәлімдеме жасады. Алайда Орынбор мен Уфа епархияларын бөлу туралы мәселені генерал-губернатор А. Катенин көтеріп, ол Синодтың обер-прокурорына Орынборда дербес епархия құру қажеттігі жөнінде өтініш жолдады. Қасиетті Синод бұл ұсынысты қолдап, 1859 жылғы 21 наурызда II Александр оны бекітті.

Жаңадан құрылған тәуелсіз Орынбор епархиясының құрамына Орск, Челябинск, Троицк, Жоғары Орал, Орынбор және Орал казак әскери округтері енгізілді. Кейіннен бұл тізімге Торғай және Сырдария аймақтары да қосылды.

Орыс Православие Шіркеуінің ұйымдық құрылымында әскери-азаматтық биліктің белсенді араласуы Орынбор өңірінің ерекшелігін айқындайды. Бұл жайтты Орынбордағы православие дінінің тарихын зерттеген Н. Чернавский былай түсіндіреді: *«Орынбор өңірі ерекше мәртебеге ие болды: ол Ресей империясының шеткері аймағына жаңадан қосылған өңір ретінде түрлі этностар тұратын шекаралық кеңістікте орналасқан. Осыған байланысты бұл аймақта этносаралық және дінаралық шиеленістерді болдырмау және реттеу үшін ерекше әрі жедел шаралар қолдану қажеттілігі туындады. Сондықтан Орынбор әскери губернаторына саяси өкілеттіктердің толық спектрі берілді»*.

Бұл ерекше мәртебе шіркеу әкімшілігіне де әсер етті. Епархияның маңызды мәселелері бойынша облыстың әскери губернаторының пікірі шешуші рөл атқарды. Бұл ахуал аймақтағы әскери және діни билік арасындағы өзара қарым-қатынастан айқын көрінді. Чернавский атап көрсеткендей: *«Орынбор қаласындағы діни билік өкілдері мен епископтар собор ашылғанда алдымен облыстың әскери губернаторына, содан кейін ғана губернатор епископқа барып сәлем беретін»*. Бұған дәлел ретінде 1854 жылы Орынбор облысының губернаторы генерал Василий Перовский (1795–1857) жергілікті халық арасында миссионерлік қызметті уақытша тоқтату туралы бұйрық шығарған болатын. Бұл жайдан хабардар болған Қасиетті Синод бұдан кейін миссионерлік іс-шараларға тек губернатордың рұқсатымен ғана кірісу жөнінде нұсқау берді (Чернавский Н.1906: 5).

Орынбор епархиясы қайта ұйымдастырылғаннан кейін, оның құрамына Қазақ даласындағы Урал, Торғай аймақтарымен қатар Сырдария өңірінің шіркеулері де енгізілді. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақ даласында және Орта Азияда православие дінінің таралу үдерісі жеделдей түсті. 1872 жылы Түркістан губерниясының Сырдария облысындағы 14 шіркеу Орынбор епархиясынан бөлініп, Жетісу облысымен бірге дербес Түркістан епархиясын құрады. Осылайша Орынбор епархиясы тек Орынбор губерниясы шекараларында қалып, Урал мен Торғай облыстарын ғана қамтыды (Камзина А. 2005: 309).

Бұл кезеңде епархия басшысының атауы да өзгертілді – ол бұрынғы *«Орынбор және Уфа епископы»* емес, *«Орынбор және Урал епископы»* деп атала бастады. Епископ Антонийдің кафедрасы Орынбор қаласында орналасқан, ал Орынбордағы шіркеу басқармасы 1859 жылғы 11 маусымда ашылды. Қасиетті Синодтың шешімімен басқарма хатшысы ретінде башқұрт әскери басқармасының офицері В. Соколов тағайындалып, кеңсе жұмыстарына үш азаматтық қызметкер қосылды. Бұл дерек Ресей империясы шекарасындағы епархия басқару құрылымының әскери-әкімшілік сипатта болғанын тағы да дәлелдейді.

Орынбор шіркеу басқармасы тек діни әкімшілік емес, сонымен қатар рухани сот қызметін де атқарды. Ол епархия аумағындағы шіркеу өмірін толық реттеп, діни білім беру, миссионерлік жұмыс және рухани тәрбие мәселелерін қадағалап отырды. Шіркеу соты халықтың неке істері, діни рәсімдерге қатысты тәртіп бұзушылықтар, сондай-ақ раскольниктерге (діни бөлінушілер) қарсы күрес істерімен айналысты. 1860 жылғы 14 қаңтарда Қасиетті Синодтың шешімімен, Орынбор қаласында раскольниктерге қарсы құпия кеңес құрылды. Оның құрамына архиепископ, облыс губернаторы, Орынбор және Урал казак әскери бөлімшелерінің басшылары енді (РГВИА: 1).

1850-жылдары Орынбор епархиясының құрылуымен қатар, Ресей империясының Қазақ даласын және кейінгі кезеңде Түркістан өлкесін әкімшілік және экономикалық

тұрғыдан игеруі, православие дінінің кең ауқымда таралуына ықпал етті. Бұл үдеріс көшіп келуші славян халқының артуымен тығыз байланысты болды. Қазақ даласында бұл миссия Орынбор мен Батыс Сібір аймақтары арқылы жүзеге асырылды. Сондықтан да Ресей империясының шекарасында орналасқан Қазақ даласының барлық бөліктерінде православие таратуда Орынбор епархиясының рөлі зор болды. XIX ғасырдың ортасында Қазақстанға қоныс аударғандардың басым көпшілігі православие сенімін ұстанған орыстар болды, олар негізінен Урал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарына орналастырылды.

XIX ғасырдың соңында және XX ғасырдың басында славян халқының жаппай қоныс аударуы Орынбор епархиясының басқару құрылымында Урал мен Челябинск қалаларында екі викарлық орталық (викариат) ашу мәселесін көтерді. 1908 жылғы 10 қыркүйекте Қасиетті Синодтың шешімімен Челябинск викариаты құрылды. 1908 жылғы 15 қарашада Урал өңірінің аумағы Самара шіркеу басқармасына берілген соң, Урал викариатын құру мәселесі тоқтатылды. Осы кезден бастап Орынбор–Урал епископы «Орынбор–Торғай епископы» деп аталды.

1914 жылғы 13 қарашада Орынбор епархиясы құрамында Урал викариатының орнына Қостанайда викариат құрылды. Алайда викарлық кафедра Қостанайда емес, Орынборда орналасты. 1918 жылы Қостанай викарийі Дионисий Прозоровский кафедраны Орынбордан Қостанайға көшіруді ойластырып, кейіннен тәуелсіз Қостанай епархиясын құру мәселесін көтерді. Алайда бұл ұсынысты қолдамаған Орынбор–Торғай епископы Мефодий Герасимов өз епархиясының бөлінуіне қарсы шығып, 1918 жылғы қыркүйекте Қостанай викариатының жабылуы туралы шешім қабылдады.

Әдіснама

Зерттеу барысында жалпыға ортақ ғылыми әдістер қолданылды. Атап айтқанда тарихи, герменевтикалық, салыстырмалы, аксиологиялық, сыни талдау, құрылымдық-функционалдық, тарихилық пен логикалық әдістер қолданылды.

Орынбор епархиясы құрамындағы Оңтүстік Қазақстан өңірлеріндегі шіркеулер

Жоғарыда 1850-жылдары Орынбор епархиясы Сырдария өңіріндегі православиелік приходтарды бақылауда ұстағанын атап өттік. Бұл аймақтағы алғашқы тұрақты шіркеу 1847 жылы Райым бекінісінде ашылды. 1850 жылы Жетісу өңіріндегі Қапал казак станицасында алғашқы шіркеу салынып, 1852 жылы бұл шіркеуге алғашқы діни қызметкер (поп) тағайындалды. 1854 жылы бекініс ретінде негізі қаланып, кейіннен қала мәртебесіне ие болған Верный қаласында (қазіргі Алматы) алғашқы православие шіркеуі 1858 жылы ашылды.

Орынбор өңірінде дербес епархия құрылып жатқан кезеңде қазақтар қоныстанған бұл өңірде біршама тұрақты православие приходтары жұмыс істей бастады. Атап айтқанда, 1856 жылы Большая Алматинкада, 1858 жылы Лепсинскіде, 1864 жылы Софийскіде, 1865 жылы Үржарда, 1866 жылы Көксуда, 1867 жылы Надеждин станицасында және Любовинск қонысында, сондай-ақ 1868 жылы Токмақ пен Қарақол бекіністерінде приходтар құрылды. 1860 жылы Қармақшы мен Перовск бекіністеріндегі приходтарда, сондай-ақ Әулиеата (қазіргі Тараз), Жуалы, Мерке, Түркістан және Шымкент бекініс-

теріндегі приходтарда тұрақты әскери діни қызметкерлердің орналасуы туралы шешім қабылданды.

Бұл приходтардың көпшілігі Орынбор епархиясының қарамағына жатты. Алайда Арал теңізі маңындағы Казалинскідегі шіркеу мен Перовск бекінісіндегі Богородицк шіркеуі Ор бекінісіндегі благочинный попқа бағынышты болған. Ал Әулиеата, Мерке, Түркістан және Шымкенттегі шіркеулер Ташкент благочиниясына қарайтын. XIX ғасырдың 60-жылдары Ресей империясының оңтүстікке қарай шекаралық жылжуы және Түркістан өңіріне славян халқының жаппай көшуі нәтижесінде православие шіркеулері мен приходтарының саны артып, оларды нақты епархиялық құрылымдарға біріктіру қажеттілігі туындады.

1866 жылғы 30 қыркүйекте Қасиетті Синод Орынбор және Орал епископтарына жоғарыда аталған шіркеулерді өз епархияларының құрамына қосу туралы тапсырма берді. Шындығында, қалалар мен казак станицаларында орналасқан шіркеулер, діни қызметкерлер мен әскери поптар Түркістан епархиясы құрылып, толыққанды жұмысын бастағанға дейін Сырдария аймағындағы шіркеулер уақытша түрде Орынбор мен Орал епархияларына бағынышты болды. Ал Жетісу өңіріндегі шіркеулер Томск және Семей епархияларына қарады.

Қазақстанның Батыс өңіріндегі православие шіркеулері

Орынбор епархиясына қарасты православиелік приходтар мен шіркеулердің негізгі бөлігі Қазақстанның солтүстік-батысындағы Орал (Уралск) өңірінде шоғырланған болатын. XIX ғасырдың бас кезінде Орал әскери округіне қарасты жеті шіркеудің бесеуі Орал қаласында орналасса, қалған екеуі Гурьев қаласында (қазіргі Атырау) және Сақмар станицасында орналасқан еді. 1830-жылдардан бастап православие шіркеулерінің құрылысы аймақта белсенді түрде жүргізілді. Әсіресе Орал қаласында, ірі казак станицаларында, әскери бекіністер мен шекаралық қорғаныс нүктелерінде православие храмдарының құрылысы күшейе түсті.

Бұл құрылыс жұмыстары Орал казак әскерінің атаманы В. Покатиловтың бастама-сымен жүргізілді. 1830-жылдары Орал қаласында үш шіркеу, ал Кулагинск, Бударинск, Январцевск және Красный казак станицаларында әрқайсысында бір-бірден православие шіркеулері салынды. 1840 жылға қарай Орал қаласында сегіз, ал бекініс қалаларында он бір шіркеу болған. Орал өңіріндегі шіркеу құрылысын үйлестіру және бақылау міндеті Орынбор өлкесінің әскери губернаторы Павел Сухтеленге (1788–1833) жүктелді. Генерал-губернатор Сухтелен бұл өңірде тастан салынған он шіркеу тұрғызды, олардың бірі – Оралдағы Александр Невский кафедралық соборы, ал қалған тоғызы старообрядшыларға арналған шіркеулер болды (Яковлев В. 1902: 130).

Православие шіркеулерін салу және приходтарды ұйымдастыру жұмыстары тек христиан славян халқы тығыз орналасқан Батыс Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар қазақ даласындағы Бөкей ордасында да жүргізілді. Бұл жұмыстарға Астрахан епископының ұсынысымен Бөкей ордасының ханы Жәңгір хан және оның жақтастары атсалысты. 1842 жылғы 18 желтоқсанда Астрахан әскери губернаторы Иван Тимирязев Орынбор әскери губернаторы Владимир Обручевке жолдаған хатында Бөкей ордасында православие дінін ұстанушылар санының артқанына байланысты хан ордасында православие шіркеуі немесе часовня ашу, сондай-ақ діни қызметкер жіберу мәселесін көтерді. Бөкей ордасындағы православиелік тұрғындарды хан жанындағы Астрахан казактары мен көктем-жаз айларында жәрмеңкеге келетін көпестер құраған болатын.

1842 жылғы 19 желтоқсанда Орынбор губернаторы Обручев бұл мәселе жөнінде Жәңгір ханға ресми хат жолдап, ордадағы христиан тұрғындарының нақты санын анықтауға тырысты. 1843 жылғы 24 қаңтарда Жәңгір хан Обручевтің хатына жауап беріп, қазіргі мекенінің құм басуынан көшіп жатқанына байланысты шіркеу құрылысы жаңа ордада жүзеге асуы мүмкін екенін мәлімдеді. Алайда, ол халқының шіркеу құрылысы арқылы зорлықпен шоқындыру жүргізіледі деп алаңдайтынын айтып, бұл мәселеге қарсы екенін білдірді. Ханның мәліметінше, ордада тұрақты тұратын православиелік тұрғындар саны – 114, казактар – 134, ал жәрмеңке кезінде келетін көпестердің саны 300-ден асады және олар ордада шамамен 20 күндей тұрақтайды. Нәтижесінде Жәңгір хан шіркеу салу жоспарын кейінге шегеруді ұсынды.

Жәңгір ханның жауабынан кейін нақты шешім қабылдай алмаған Орынбор губернаторы В. Обручев 1843 жылғы 16 ақпанда бұл мәселе жөніндегі мәліметтерді Империяның Мемлекеттік мүлік министрі, граф Павел Киселевке баяндап хат жолдады. Ол өз баянхатында бұл мәселенің қырғыздар арасында (қазақтар – ред.) үкіметке деген сенімсіздік туындатуы мүмкін екенін атап көрсетіп, шіркеу құрылысын уақытша кейінге қалдыру қажет деп есептеді. 1843 жылғы 3 наурызда граф Киселев Обручевке берген ресми жауабында бұл мәселе туралы патшаға баяндалғанын және І Николайдың діни құрылысқа ешқандай зорлық жасалмауын, әркім өз дінін еркін ұстануы керек екенін бұйырғанын мәлім етті. Сонымен қатар, егер басқа этностар діни рәсімдерін еркін орындай алса, православие христиандарына да сол құқық берілуі тиіс екенін айтты. Осы себепті, Киселев Жәңгір ханды тұрақты шіркеу болмаса да, уақытша жылжымалы шіркеуге рұқсат беруге көндіруге кеңес берді. Бұл ұсынысты Астрахан әскери губернаторына да жеткізу туралы нұсқау берілді.

Соңында, православие шіркеулері Бөкей ордасында Жәңгір хан кезеңінен кейін, яғни 1869 жылдан бастап салына бастады. XIX ғасырдың соңында Бөкей ордасының Ресей империясының әкімшілік құрылымына толықенуімен бірге, Таловка және Новая Казанка ауылдарында шіркеулер тұрғызылды. Сонымен қатар, Орынбор өңірінің қазақ даласына қарасты аймақтарында да православие шіркеулерін салу бойынша шаралар жүзеге асты. XIX ғасырдың соңына қарай жаңадан ашылған әкімшілік орталықтарда, мысалы Ақтөбе қаласында, шіркеу құрылысы қарқынды жүрді. Сонымен бірге, Александровск, Макарьевск және Чилик ауылдарында миссионерлік станциялар ашылып, оларда да шіркеулер салынды. Ал XX ғасырдың басында Торғай уезінде – Торғай қаласында, Ырғыз уезінде – Ырғыз қаласында және Қарабұтақта православие шіркеулері бой көтерді.

Орынбор епархиясының миссионерлік қызметінің Батыс Қазақстандағы алғашқы қадамдары

Ресей империясы кезеңінде Орынбор епархиясының құрамындағы Қазақстанның батыс өңірінде – атап айтқанда, Орал және Торғай аймақтарында – қазақтарды христиан дініне тарту әрекеттері байқалды. Алайда XIX ғасырдың алғашқы жартысында бұл бағыттағы миссионерлік іс-шаралар жүйелі түрде жүргізілген жоқ. Сол кезеңде христиан дінін қабылдағысы келген адам алдымен Орынбор Шекаралық Комиссиясына жүгінуге тиіс болатын. Бұл комиссия арызданушыны Орынбор рухани консисториясына жолдайтын тәртіп қалыптасқан еді.

1834 жылғы 7 маусымда Орынбор рухани консисториясы Орынбор шекара комиссиясына қазақтардың шоқыну шарттарын түсіндіретін шешім жолдады. Бұл шешімде

Орынбор аймағында шоқыну рәсімінде алаяқтық пен санақтағы бұрмалаулардың алдын алу қажеттігі баса көрсетілді. Сонымен қатар, қазақтар мен басқа да Орталық Азия халықтарының православие дінін қабылдауы үшін епархия басшылығына жазбаша түрде өтініш беруі міндетті екені және арнайы өтініш формасы бекітілгені көрсетілді.

Осы ретте 1826 жылғы 30 қаңтарда қабылданған Сенат шешіміне сәйкес, орыс шаруалары асырап алған жетім қазақ балаларын 25 жасқа дейін шоқындыруға тыйым салынғаны ескертілді. Орынбор шекара комиссиясы бұл шешімді бекіністер коменданттарына жеткізді және консисториядан діни қызметкерлерге қазақ балаларымен діни үгіт-насихат жұмыстарын жалғастыруды тапсырма ретінде беруін сұрады.

1860 жылғы 15 қазанда Орынбор епископы Антоний (1808–1872) Орынбор және Самара генерал-губернаторы Александр Безакқа (1800–1869) жолдаған хатында Қасиетті Синодтың “Шоқындыру арқылы православие сенушілерінің санын арттыру” туралы жарлығын орындау үшін діни қызметкерлерге осы миссияны жүктеу керектігін жеткізді. Ол сонымен қатар, егер поптарға алдын ала әкімшілік рұқсатсыз шоқындыру мүмкіндігі берілсе, бұл миссия нәтижелі болар еді деп есептеді. Алайда қазіргі жағдайда қазақтарды шоқындыру үшін ұзақ әкімшілік жазысулардың қажет болуы, көп жағдайда олардың бұл ниетінен бас тартуына себеп болып жатқанын баяндады.

Безак бұл ұсынысты назарға алып, Орынбор әкімшілігіне осы мәселені зерттеуді тапсырды және “қазақтарды шоқындыру үшін неге әкімшілік рұқсат қажет?” деген сұрақ қойды. Әкімшілік тарапынан берілген жауапта ондай арнайы тыйым жоқ екені айтылды, алайда дала өлкесіндегі басқару құрылымының күрделілігі шоқындырылған қазақтарды бақылаудан шығарып жатқанын көрсетті. Сонымен қатар, 1854 жылғы 3 мамырда генерал-губернатор Василий Перовскийдің шоқынғысы келген қазақтар райынан қайтса, бұл туралы епархияға хабарлау керектігі туралы бұйрығы еске салынды.

1861 жылғы 20 қазанда Орынбор аймақтық басқармасы шоқынғысы келетін қазақтарды әкімшілік рұқсатсыз шоқындыруға тыйым салу жөнінде қаулы қабылдады. Әкімшілік пен шіркеу билігі арасындағы ұзақ жазысуларға қарамастан, 1834 жылғы ереже бұл үдерісте ресми түрде ескерілмей қалды. Бұл ретте қазақтарды шоқындыру ісі тұрақты әрі жүйелі сипат ала алмады. Жалпы алғанда, XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақтарға бағытталған миссионерлік саясат мемлекет тарапынан орталықтандырылған түрде жүргізілген жоқ.

Сонымен қатар, Орынбор епархиясының құрамына кіретін Орал мен Торғай аймақтарының кең аумақты болуы және қазақтардың көшпелі өмір салты, миссионерлік үгіт-насихатты жүйелі түрде жүргізуге үлкен кедергі болды. Бірақ 1860-жылдары үкімет қазақ халқын отырықшыландыру саясатын жүргізе бастады. Қазақтарға егіншілікпен айналысу үшін жер телімдері бөлініп, бұл үдеріс біртіндеп көшпелі мал шаруашылығынан отырықшы егін шаруашылығына ауысуға жол ашты. Алайда бұл кезеңде қазақтар арасында миссионерлік қызметті жүзеге асыратын білікті кадрлар жоқ болатын. Бұндай үгіт-насихат жұмыстары тек қазақтың тілі мен мәдениетін жетік білетін миссионерлер арқылы жүзеге аса алатыны анық болды (Добромыслов А. 1902: 416-417).

1869 жылы қазақ қоғамында өздерін күштеп шоқындырады деген қауесеттер таралып, бұл халық наразылығы мен көтерілістеріне себеп болды. Бұл жағдай мемлекет тарапынан қазақтардың діни өміріне сақтықпен қарау қажеттігін айқындап берді.

1880 жылдан бастап Торғай облысында Қостанай уезінің құрылуына байланысты Ресейдің еуропалық бөлігінен славян халықтарының жаппай қоныстануы басталды. Бұл

кезде генерал Яков Барабаштың (1838-1910) әскери губернатор болып тағайындалуы өңірге ресейлік келімсектердің белсенді орнығуына септігін тигізді. Жаңа елді мекендер салынып, қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне бейімделген ауыл мектептері ашыла бастады. Осылайша, қазақ даласында миссионерлік үгіт-насихатты жандандыруға қолайлы ахуал қалыптасты (Рязанов А. 1928: 64).

Казан рухани академиясының профессоры Николай Ильминский (1822-1891) ислам дінінің кеңінен таралуы мен татарлардың мәдени ықпалын қауіпті фактор деп бағалады. Ол 1882 жылғы 19 қазанда Қасиетті Синодтың обер-прокуроры К. Победоносцевке жолдаған хатында қазақ халқының "жас баладай" екенін, олардың жаңа идеяларды тез қабылдайтынын айтып, оларды татарлар мен басқа мұсылман халықтарының ықпалынан қорғау қажет екенін жазды.

Осыған байланысты 1885 жылы епископ Вениамин Смирновтың (1829-1890) Торғай мен Орал аймағындағы діни ахуалға жасаған тексерісі қазақтардың ислам дініне бет бұра бастағанын көрсетті. Тексеріс барысында татар және ортаазиялық молдалардың әсері күшейіп, православие миссионерлерінің жетіспеуі, ал аймаққа жаңадан қоныстанған орыстардың діни-рухани өмірі нашарлағаны анықталды.

1890 жылы Орынбор епископы Макарий Троицкий (1830-1906) қазақ тілін және мәдениетін жақсы меңгерген Казан мұғалімдер семинариясының түлегі Феодор Соколовты (1866-?) діни қызметкер етіп тағайындап, Қостанай қалалық мектебіне мұғалім ретінде жіберді. Сонымен қатар, оған Торғай облысындағы орыс қоныстары мен қазақ ауылдарын аралап, қазақ тілінде христиандық үгіт жүргізу тапсырылды.

Миссионер Соколов 1890 жылдың соңында қазақ ауылдарын аралап, алғашқы сапарларында қазақтардың оған жылы шыраймен қарағанын, тіпті кейбіреулері шоқынуға ықылас білдіргенін хабарлады. Оның айтуынша, қазақтар арасында христиан дініне қызығушылық танытқандар кездескен. Алайда мұндай миссиялар татар молдаларын алаңдатты. Олар Соколовты "сиқырлы күшке ие" деп сипаттап, халық арасында өсек тарата бастады. Бұл жағдай ислам дінін таратушылар мен христиан миссионерлері арасындағы астыртын идеологиялық күрестің белгісі болды (Рыбаков С. 1897: 6).

Миссионерлік сапарлар барысында Соколов қазақтардың діни ахуалымен қатар, қоныстанған орыстардың рухани өмірін де бақылаған. Олардың көпшілігі қазақтардың жанында өмір сүріп, оларға тәуелді болғандықтан, кейде өз дінінен алыстап, ислам дініне бет бұрып кеткен жағдайлар да тіркелді. Қазақтармен бірге тұрған кейбір орыс әйелдері мен қыздары мұсылмандықты қабылдап, балалары да қазақ тілінде тәрбиеленіп, ислам дінін үйренген.

1893 жылы желтоқсанда Орынбор епархиясының миссионерлік кеңесінде бұл мәселе талқыланып, қоныстанған орыс балаларын христиандық рухта тәрбиелеу үшін шіркеу жанынан мектеп-интернаттар ашу ұсынылды. Мұндай мектептер түлектерінің болашақта қазақтар арасында христиан дінін таратуға сеп болатыны да атап өтілді.

1897 жылы Орынбордағы православие миссионерлік комитеті Торғай облысындағы "исламға қарсы күресетін миссияны" нақты мақсат ретінде бекітті. Миссионерлер тек қазақтар арасында ғана емес, сонымен қатар "қазақтанып бара жатқан" орыстардың

діни өмірін де қайта жандандыруға міндеттелді. Жылына бес рет миссионерлік сапарлар ұйымдастырылып, қазақ ауылдарына барған сайын христиан дінін тарату көзделді.

Жалпы, Орынбор епархиясының миссионерлік саясаты алдымен орыс келімсектердің діни өмірін нығайтуға бағытталды, ал қазақтар арасындағы миссия екінші деңгейге ысырылды. Дегенмен, бұл әрекеттер қазақ даласындағы діни ахуал мен рухани ықпал үшін күрестің жүйелі сипатын айқындайды.

Қазақстанның Батыс өңірінде миссионерлік стандартының құрылуы

1893 жылы Орынбор епископы Макарий Торғай мен Орал өңірлерінде қазақтар арасында миссионерлік қызметтің табысты жүзеге асырылатынына сеніп, Торғай облысының Қостанай, Ырғыз және Торғай уездерінде үш миссионерлік станция және кейін Орал өңірінде тағы бір станция ашу жоспарын ұсынды.

Осы уақытқа дейін Орынбор рухани семинариясы мен Қазан рухани академиясындағы миссионерлік курстардан мұсылман халықтарына бағытталған қызмет жүргізе алатын үш дін қызметкері даярланған еді. Епископ Макарий миссионерлік станциялардың құрылысын ұйымдастыру мен қаржыландыру үшін Православие миссионерлік комитетінен көмек сұрап, Қостанай, Ырғыз және Ақтөбе өңірлерінде миссионерлік станциялар ашуға Қасиетті Синодтан ресми рұқсат алды.

1893 жылғы 19 тамызда Қасиетті Синод епископ Макарийдің ұсынысын мақұлдап, станциялар құрылысын қаржыландыру үшін жыл сайын 4470 рубль және шоқынған жаңа сенушілерді қолдау үшін 1000 рубль бөлу туралы шешім қабылдады.

Макарьевск станы

1894 жылы Қостанай уезінде жетімдер үйі мен мектеппен бірге шоқынуды ниет білдірген қазақтардың болуы бұл жерді «қырғыз миссиясының» орталық станы ретінде таңдауға себеп болды. Стан басшысы болып поп Одигитревский (туған және қайтыс болған жылдары белгісіз) тағайындалды. Алайда бір жылдан соң жаңа шоқынған қазақтарды молдалар мен туыстарының ықпалынан алшақтату мақсатында Қостанай қаласынан 65 шақырым жерге Орынбор епископы Макарийдің құрметіне аталған Макарьевск миссионерлік қонысы құрылды.

1895 жылғы 22 наурызда стан жетекшілігіне қазақ тілін меңгерген миссионер Феодор Соколов тағайындалып, орталық станция сол қонысқа ауыстырылды. Мұнда шоқынған қазақтар дінге бейімделуі үшін материалдық және рухани жағынан миссионер қамқорлығында болды. Бұл үдерісті қадағалау мақсатында Орынбор епархиясы жанынан арнайы комиссия құрылып, ол 1898 жылға дейін жұмыс істеді. 1897 жылы епископ Владимир Соколовскийдің (1852–1931) қолдауымен қазақ балаларына арналған үлкен православие миссионерлік мектебі ашылды.

Александровск станы

Станция ашу үшін Александровск пен Алиқұл елді мекендері ұсынылды. Бастапқыда Александровск станы Макарьевск станына тым жақын орналасқандықтан тиімсіз саналды. Алайда мұнда ірі миссионерлік мектеп пен жатақхана құрылысы аяқталған соң, 1897 жылы Александровск ресми түрде екінші миссионерлік станция болып бекітілді. Бұл станға татар текті поп Н. Сейфуллин тағайындалды.

Стан мектептерінде қазақ балалары да оқығандықтан, орыс балаларына қазақ тілін үйрету туралы шешім қабылданды. Болашақта бұл балалар қазақтар арасында

миссионер ретінде жұмыс істеуге дайын кадрлар болуы тиіс еді. Стан жанындағы 25 адамдық жатақханада негізінен қазақ балалары орналастырылды. Олардың кітап, кеңсе заттары мен тіпті киімдері де епископтық комитет тарапынан қамтамасыз етілді.

Ақтөбе станы

1897 жылы Православие миссионерлік комитеті Орынбор епархиясының бюджетіне қосымша 14 523 рубль бөлді. Бұл қаражат Торғай облысының Ақтөбе уезінде үшінші миссионерлік станция ашуға мүмкіндік берді. 1898 жылы Ақтөбе мен Ырғыз уездерін қамтитын станның құрылыс жұмыстары басталды: шіркеу-мектеп, поп және мұғалімдер үйі салынды, 15–20 адамдық жатақхана жалға алынды.

1898 жылғы 5 қарашада стан ресми түрде ашылып, жетекшісі ретінде Қазан семинариясының түлегі, қазақ тілін және тұрмысын жақсы білетін Арсений Мазохин тағайындалды. Ол көбіне орыс қоныстарын аралап, оларды қазақтармен қарым-қатынас барысында миссионерлік бағытта тәрбиелеуге тырысты. Кейбір орыс шаруалары қазақ ауылдарында немесе аралас елді мекендерде өмір сүріп, өздері де миссионерлік үгіт жүргізді.

Чилик станы

1890-жылдардың соңында Торғай облысында үш стан жұмыс істеп тұрғанымен, Орал аймағында әлі миссионерлік стан болмаған. Осыған байланысты, 1897 жылы епископ Владимир миссионер Соколовты аймақты зерттеуге жіберді. Соколов өз баянхатында ислам үгітінің күшейіп жатқанын, шоқынған қазақтарға казактардың жақтырмайтынын, бірақ жақсы ұйымдастырылған миссионерлік жұмыс үшін жағдайдың бар екенін жазды.

Алайда стан ашуға ұсынылған Орал және Калмыков аймақтарында негізінен ескі діни жолды ұстанатын казактар тұрғандықтан, қарсы реакция болуы мүмкін еді. Сонымен қатар, дала ішіндегі кейбір қазақ ауылдары татар молдаларының ықпалында радикалдана бастағандықтан, қауіпсіздік мәселелері де ескерілді.

Соған қарамастан, 1900 жылы Орал облысында Чилик станын ашу туралы оң шешім қабылданды. Қоныс аударған орыстар көп шоғырланған, қазақ көшпелі ауылдары мен әскери орталыққа жақын орналасқан Чилик ауылы таңдалып, 1900 жылғы 8 қарашада Чилик православие миссионерлік станы ашылды. Алғашқы миссионері ретінде Георгий Крашенинников, кейін 1904 жылы – Қазан рухани академиясының түлегі Эмельян Дәулей тағайындалды.

Стан құрамында қазақ балаларын оқытуға арналған миссионерлік мектеп те жұмыс істеді. 1908 жылы Орал облысы Самара епархиясының қарамағына өткеннен кейін, Чилик станы Орынбор миссионерлік комитетінің құзырынан шығарылды.

Қорытынды

Орынбор епархиясының құрылуы және дамуы Ресей империясының шекаралық саясатының ажырамас бөлігі болды. Епархияның Қазақстан аумағындағы әсері тек діни ғана емес, сонымен қатар әкімшілік және мәдени ықпалмен астасып жатты. Оның шіркеу құрылымдары қазақ даласына православие дінін орнықтыру мен таратуда маңызды рөл атқарды. Әсіресе XIX ғасырдың ортасынан бастап бұл үдеріс қоныс аударушылардың көбеюімен және миссионерлік қызметтің жүйеленуімен сипатталады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында Торғай мен Орал облыстарында қырғыз (қазақ) миссиясы шеңберінде жүргізілген миссионерлік қызмет көшпелі қазақ ауылдарын

аралау, шоқынғысы келгендерді даярлау, сонымен қатар қазақ даласына қоныстанған орыстардың діни қажеттіліктерін өтеу сынды көпжақты сипат алды. Миссионерлер шоқынған қазақтар мен қазақ тілін меңгерген орыстар арасынан жаңа миссионерлік кадрларды даярлауға тырысты.

Алайда ХХ ғасырдың басына қарай миссионерлік сапарлар сирей бастады. Қаржыландырудың қысқаруы және алыс ауылдарға жету қиындықтары бұл қызметті тоқырауға ұшыратты. Дегенмен бұл кезеңде Қазақстанның батыс өңіріндегі миссионерлік саясат тарихи тұрғыдан жүйеленген және мақсатты сипатқа ие болды.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

- Государственный Архив Оренбургской Области (ГАОО) Дело:343, Фонд: 174.
Чернавский Н. (1902). История Оренбургской епархии. Оренбург.
Чернавский Н. (1899). Общи взгляд на историю Оренбургской епархий, Оренбургские епархиальные ведомости, Оренбург.
Чернавский Н. (1906) К истории Оренбургской епархии, Православный собеседник. Kazan, s. 5
Камзина А. (2005), Миссионерская деятельность русской православной церкви Оренбургской епархии, История православия на Урале: сборник статей, Екатеринбург. 309
Российский Государственный Военно-Исторический Архив (РГВИА, Дело: 52, Фонд: 330, s. 1.
Яковлев В. (1902). Из церковной жизни Туркестана. Верный. 130
Добромыслов А. (1902). Тургайская область. Исторический очерк. Известия Оренбургского Отдела Императорского Русского Географического Общества. Тверь. 416-417
Рязанов А. (1928). На стыке борьбы за степь. Труды Оренбургского Отдела Географического Общества.
Рыбаков С. (1897). Миссия в Тургайской области. Церковные едомости
Полное Собрание Законов Россисской Империй (ПСЗРИ.) 1799. Т. 25. №18755. О создании новых епархий.
РГИА. Ф. 796. Оп. 442. Д. 56. Л. 22–34.
(2003). Сборник материалов по истории Оренбургской епархии. О.: ОГУ.
Каргалов В. В. (1998). Россия и Центральная Азия в XIX веке. М.: Наука,
Русская Православная Церковь. Архив КГИА РПЦ, Отдел епархий. Дело №1432, 1859.
Туркестанский сборник. Т. 89. СПб., 1874.
Материалы Священного Синода по викариатам Урала и Костаная. РГИА. Ф. 796. Д. 212.
Ильминский Н. (1882). Письма к Победоносцеву о миссии среди киргизов. Казань.
Материалы Священного Синода по викариатам Урала и Костаная. РГИА. Ф. 796. Д. 212.

References

- State Archive of the Orenburg Region (GAOO), File: 343, Fund: 174.
Chernavsky, N. (1902). History of the Orenburg Diocese. Orenburg.

Chernavsky, N. (1899). A General Overview of the History of the Orenburg Diocese, Orenburg Diocesan Gazette, Orenburg.

Chernavsky, N. (1906). On the History of the Orenburg Diocese, Orthodox Companion, Kazan, p. 5.

Kamzina, A. (2005). Missionary Activity of the Russian Orthodox Church in the Orenburg Diocese, in: History of Orthodoxy in the Urals: Collection of Articles, Yekaterinburg, p. 309.

Russian State Military-Historical Archive (RGVIA), File: 52, Fund: 330, p. 1.

Yakovlev, V. (1902). From the Church Life of Turkestan. Verny, p. 130.

Dobromyslov, A. (1902). The Turgay Region: A Historical Overview. Proceedings of the Orenburg Department of the Imperial Russian Geographical Society, Tver, pp. 416–417.

Ryazanov, A. (1928). At the Crossroads of the Struggle for the Steppe. Proceedings of the Orenburg Department of the Geographical Society.

Rybakov, S. (1897). The Mission in the Turgay Region. Church Gazette.

Complete Collection of Laws of the Russian Empire (PSZRI). 1799. Vol. 25, No. 18755. On the Establishment of New Dioceses.

RGIA (Russian State Historical Archive). Fund 796, Inventory 442, File 56, pp. 22–34.

(2003). Collection of Materials on the History of the Orenburg Diocese. Orenburg: Orenburg State University.

Kargalov, V. V. (1998). Russia and Central Asia in the 19th Century. Moscow: Nauka.

Russian Orthodox Church. Archive of the Central Church Historical Archive (KGIA ROC), Department of Dioceses, File No. 1432, 1859.

Turkestan Collection. Vol. 89. St. Petersburg, 1874.

Materials of the Holy Synod on the Vicariates of the Urals and Kostanay. RGIA. Fund 796, File 212.

Ilminsky, N. (1882). Letters to Pobedonostsev on the Mission Among the Kyrgyz. Kazan.

Materials of the Holy Synod on the Vicariates of the Urals and Kostanay. RGIA. Fund 796, File 212.

Авторлар туралы мәлімет / Information about authors / Сведения об авторах

Нурмухамед Кенжегулов – PhD, Нұр-Мұбарак ЕИМУ, әл-Фараби даңғ., 73, 050060, Алматы, Қазақстан, noorken@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6698-6640>

Nurmukhamed Kenzhegulov – PhD, Nur-Mubarak University, al-Farabi Ave., 73, 050600, Almaty, Kazakhstan, noorken@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6698-6640>

Нурмухамед Кенжегулов – PhD, ЕУИК Нур-Мубарак, пр. аль-Фараби, 73, 050060, Алматы, Казахстан, noorken@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6698-6640>

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 23.05.2025

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 10.06.2025

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 18.06.2025